

"Ақмола облысының коммуналдық мүлкін мүліктік жалға беру (жалға алу) қағидасын бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2011 жылғы 29 қарашадағы № А-10/472 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2012 жылғы 23 қарашадағы № А-12/553 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 13 желтоқсанда № 3538 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2013 жылғы 14 тамыздағы № А-7/348 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 14.08.2013 № А-7/348 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ақмола облысының коммуналдық мүлкін мүліктік жалға беру (жалға алу) қағидасын бекіту туралы» Ақмола облысы әкімдігінің 2011 жылғы 29 қарашадағы № А-10/472 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3416 болып тіркелген, «Ақмолинская правда» және «Арқа ажары» газеттерінде 2012 жылғы 12 қаңтарда жарияланған) келесі **ө з г е р і с е н г і з і л с і н :**

осы қаулымен бекітілген Ақмола облысының коммуналдық мүлкін мүліктік жалға беру (жалға алу) қағидасында:

5-тармақтың 2) тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:

«2) тауарларды жеткізуге, жұмыстарды орындауға және объектілердің баланс ұстаушыларына қызмет көрсетуге байланысты мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан өнім берушілерге үй-жайлар, жабдықтар беру жағдайларын қоспағанда, тендерлік негізінде жүргізіледі.».

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің орынбасары **Д.З.Әділбековке жүктелсін.**

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Қ.Қожамжаров

